

**"Астана қаласының әкімшілік шекараларындағы өзендерде су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 5 тамыздағы № 3-1-1587қ қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің 2020 жылғы 19 тамыздағы № 205-1718 қаулысы. Нұр-Сұлтан қаласының Әділет департаментінде 2020 жылғы 24 тамызда № 1284 болып тіркелді. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 2023 жылғы 20 қазандағы № 205-2263 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Астана қаласы әкімдігінің 20.10.2023 № 205-2263 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 9 шілдедегі Су кодексі 116-бабының 2-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" 2001 жылғы 23 қаңтардағы Қазақстан Республикасы Заңы 27-бабы 1-тармағының 8-1) тармақшасына, "Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 19-1/446 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11838 болып тіркелген) бұйрығына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Астана қаласының әкімшілік шекараларындағы өзендерде су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу туралы" Астана қаласы әкімдігінің 2004 жылғы 5 тамыздағы № 3-1-1587қ қаулысына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 345 болып тіркелген, 2004 жылғы 16 қыркүйектегі "Астана ақшамы", 2004 жылғы 7 қыркүйектегі "Вечерняя Астана" газеттерінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

жоғарыда көрсетілген қаулыда:

кіріспедегі "Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу ережесін бекіту туралы" 2004 жылғы 16 қаңтардағы № 42 Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысына" деген сөздер "Су қорғау аймақтары мен белдеулерін белгілеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 18 мамырдағы № 19-1/446 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11838 болып тіркелген) бұйрығына" деген сөздермен ауыстырылсын;

қаулының барлық мәтіні және атауы бойынша "Астана" деген сөз " Нұр-Сұлтан" деген сөзбен ауыстырылсын;

1-тармақтың 1) тармақшасы мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"Есіл өзені арналарының жекелеген учаскелері үшін осы қаулының қосымшасына сәйкес";

4-тармақтағы "Сарыарқа" деген сөзден кейін ", "Байқоңыр" деген сөзбен толықтырылсын.

2. "Нұр-Сұлтан қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасы" мемлекеттік мекемесінің басшысы Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының қосымшасына сәйкес Нұр-Сұлтан қаласының әкімшілік шекарасындағы өзендердегі су қорғау аймақтарының картографиялық материалдарға түсірілуін;

2) осы қаулының аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;

3) осы қаулы мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін Нұр-Сұлтан қаласының аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарында ресми жариялау үшін жіберуді;

4) осы қаулы ресми жарияланғаннан кейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

5) осы қаулы мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде аумақтық әділет органына осы тармақтың 1), 2) және 3) тармақшаларымен көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы әкімінің орынбасары Н.Қ. Солтамбековқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Әкім

А. Кульгинов

КЕЛІСІЛДІ

"Нұр-Сұлтан қаласының Сәулет,

қала құрылысы және жер

қатынастары басқармасы"

мемлекеттік мекемесі басшысы

\_\_\_\_\_ Н. Ұранхаев

" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 2020 жыл

КЕЛІСІЛДІ

"Қазақстан Республикасы Экология,

геология және табиғи ресурстар

министрлігі Су ресурстары

комитетінің Су ресурстарын  
пайдалануды реттеу және қорғау  
жөніндегі Есіл бассейндік  
инспекциясы" республикалық  
мемлекеттік мекемесі басшысы

\_\_\_\_\_ Д. Бекмағамбетов  
" \_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 2020 жыл

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің  
2020 жылғы 19 тамызы  
№ 205-1718  
қаулысына қосымша

**Нұр-Сұлтан қаласының әкімшілік шекараларында орналасқан Есіл өзенінің  
жекелеген  
учаскелері және осы учаскелер үшін су қорғау аймақтары мен белдеулерінің ең аз ені**

P/c №	Су объектісі (өзен учаскесінің координаттары және су қорғау аймағы мен белдеуінің координаттары)	Су қорғау аймағының ені , м	Су қорғау белдеуінің ені, м
1.	Есіл өзені (өзен учаскесі x=-3022,1; y=-1444,8; x=-2998,9; y=-1690,9; су қорғау белдеуі x=-3033,6; y=-1695,9; x=-3059,9; y=-1448,1; су қорғау аймағы x=-3387,2; y=-1567,4; x=-3408,9; y=-1665,1)	381,6	35
2.	Есіл өзенінің ескі арнасы (өзен учаскесі x=-3506,1; y=-1817,8; x=-3375,8; y=-1803,2; су қорғау белдеуі x=-3519,9; y=-1781,9; x=-3380,5; y=-1768,5; су қорғау аймағы x=-3497,1; y=-1645,4; x=-3408,9; y=-1665,1)	160,05	35
3.	Есіл өзенінің ескі арнасы (өзен учаскесі x=-3578,5; y=-1570,8; x=-3580,1; y=-1659,8; су қорғау белдеуі x=-3545,7; y=-1666,4;		35

	<p>х=-3543,6; у=-1571,1; су қорғау аймағы х=-3475,4; у=-1547,8; х=-3497,1; у=-1645,4)</p>	84,78	
4.	<p>Есіл өзені (өзен учаскесі х=-3468,4; у=-656,1; х=-3353,2; у=-663,7; су қорғау белдеуі х=-3472,9; у=-690,9; х=-3347,8; у=-698,5; су қорғау аймағы х=-3550,4; у=-1126,4; х=-3448,2; у=-1149,2)</p>	477,37	35
5.	<p>Есіл өзенінің ескі арнасы (өзен учаскесі х=-3681,3; у=-1137,7; х=-3610,7; у=-1090,1; су қорғау белдеуі х=-3656,5; у=-1176,2; х=-3580,7; у=-1108,1; су қорғау аймағы х=-3550,4; у=-1126,4; х=-3567,2; у=-1202,1)</p>	70,42	35
6.	<p>Есіл өзені (өзен учаскесі х=-3049,6; у=-1229,9; х=-3067,6; у=-1273,5; су қорғау белдеуі х=-3102,6; у=-1271,7; х=-3077,8; у=-1209,2; су қорғау аймағы х=-3448,2; у=-1149,2; х=-3455,5; у=-1180,6)</p>	398	35
7.	<p>Есіл өзенінің ескі арнасы (өзен учаскесі х=-3627,8; у=-1438,7; х=-3597,9; у=-1472,9; су қорғау белдеуі х=-3599,7; у=-1417,8; х=-3567,9; у=-1454,9; су қорғау аймағы х=-3567,2; у=-1202,1; х=-3455,5; у=-1180,6)</p>	244,39	35

